



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№ 21/99
25 мамыр



www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru



ҚЫМБАТТЫ ЖАС ТҮЛЕКТЕР! ҚАДІРЛІ ҰСТАЗДАР, АТА-АНАЛАР!

Сіздерді соңғы қоңырау күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бүгін – мектеп қабырғасындағы әрбір оқушы және ұстаз үшін ерекше салтанатты күн.

Қымбатты жас түлектер! Бүгін Сіздер үлкен өмірдің табалдырығын атағалы отырсыздар. Алдағы уақытта Сіздерге сәттілік тілейміз.

Сіздерге тәлім-тәрбие берген ұстаздар қауымының орны бөлек.

Барлық ұстаздар қауымына шынайы ризашылығымды білдіремін.

Қымбатты жас түлектер! Алда үлкен сынақ тұр. Қорытынды тестілеуден абыроймен өтіп, жоғары оқу орнына түсіп, қаламыздың мақтанышы болыңыздар.

Сендерге сәтті сапар, өмірлеріңе құтты қадам тілейміз!

УВАЖАЕМЫЕ УЧЕНИКИ, УЧИТЕЛЯ, РОДИТЕЛИ!

Поздравляем вас с окончанием учебного года.

Сегодня для выпускников одновременно радостный и грустный праздник.

Для Вас прозвучит последний звонок, который как раньше не станет символом начала летних каникул, а впервые ознаменует прощание с детством и начало взрослой, самостоятельной жизни.

Впереди у Вас очень ответственная пора – выбор будущего жизненного пути, который требует собранности, уверенности и сосредоточенности.

Каждый успех, прежде всего, зависит от профессионализма учителя, кропотливого труда школьного коллектива. Выражаем искреннюю признательность всем учителям за Вашу ответственность и индивидуальный подход к каждому ученику.

Желаем всем выпускникам светлого пути! Пусть вам сопутствует удача и воплощаются все ваши планы.

Желаем всем здоровья, счастья, успехов, мира и добра!

Приозерск қаласының әкімі Ахметов М.Т.

Приозерск қалалық мәслихат төрағасы Исатаев А.Н.

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ АКЦИЯ



Тематически была организована в этом году санитарная очистка населенных пунктов в стране. Задана идеологическая основа, объявлена республиканская экологическая акция «Таза Қазақстан». Все пять недель акции расписаны по темам: «Таза өлке», «Киелі мекен», «Жасыл аймақ», «Өнегелі ұрпақ», «Мәлдір бұлақ».

Глава государства поручил акимам областей, не затронутых паводками, начать кампанию по очистке улиц, озеленению и облагораживанию территорий населенных пунктов. Также поручено привести в порядок дороги. Президент страны К-Ж.Токаев отметил, что деятельность акимов будет оцениваться в том числе и по внешнему виду городов, поселков, сёл, а также общественных пространств.

Особо Касым-Жомарт Токаев отметил важность привлечения к данной работе жителей и волонтеров. Руководители регионов должны заняться внедрением в сознание народа культуры поддержания населенных пунктов в привлекательном состоянии, сказал Президент.

В городе Приозерск традиционно два раза в год проводятся двухмесячники по санитарной очистке и благоустройству территории города.

Каждую весну улицы города очищаются от прошлогоднего мусора, проводится обрезка сухостоя, осуществляется ремонт поврежденных элементов детских игровых площадок. Ежегодно проводится посадка саженцев деревьев и кустарников. Таким образом, в городе появились молодые деревца клёна, ели, сосны, туи, тополя серебристого.

Каждую осень горожане также приводят в порядок свой город: подметают улицы, вырезают сухостой и молодую поросль в парках, готовят город для вхождения в зимний период.

В Приозерске в прошлые годы организовывались конкурсы по озеленению участков возле подъездов, вокруг жилых домов, а также облагораживанию самих подъездов. До сих пор приятно ходить в подъезды, в которых остались после конкурсов рисунки и картины на стенах, шторы на окнах.

За последнее десятилетие в городе появилось множество локаций для отдыха, организованы интересные фотозоны. Для придания этим местам гармоничного состояния необходимо поддерживать прилегающую территорию в чистоте и порядке. В этой связи важно неравнодушное отношение граждан к тем, кто не ценит сделанного, ломает, мусорит.

С 8 апреля в рамках недели «Таза өлке» была проведена работа по очистке территории города. Общественные и государственные организации, предприятия, учебные заведения провели уборку своих территорий, дворов. В общей сложности за первую неделю акции в санитарной очистке было задействовано 210 коллективов, привлечено 2805 человек и 20 погрузочных и грузовых машин, убрано 47 жилых дворов, охвачено уборкой 278 гектаров земли. Жителям 3-х домов по улицам Абая 3, Агыбай батыра 4, Космонавтов 1 предоставлено 25 саженцев деревьев для высадки на придомовых участках.

Всего за период акции высажено 450 деревьев на территории города.

И таким образом горожане работали все пять тематических недель. К Международному дню памятников и исторических мест на территории Приозёрска силами общественности приведены в порядок территории 14 памятников.

Проведены работы по очистке улиц, дорог, тротуаров, дворов, побелены деревья, подстрижены кусты, спилена сухостой, прорежена поросль. На автомобильном полотне обновлены дорожные разметки.

Пляжи города приведены в порядок, убран мусор. Несмотря на завершение республиканской акции в Приозерске продолжается двухмесячник по санитарной очистке города.

Коллективы и волонтеры из числа молодежи продолжают санитарные работы в парках, скверах. Проводятся работы на городском стадионе. Продолжают проводиться коллективами «чистые четверги». В действии акция «Ардағым ардагерім» по оказанию помощи престарелым гражданам города по уборке и благоустройству их частных дворов. Город готовится к летнему купальному сезону!

Отдел внутренней политики города Приозерск

25-МАМЫР – СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ

«СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ - 2024»



2024-жылғы «Соңғы қоңырау» салтанатты жиыны қаладағы екі мектепте 25-мамыр күні аталы өтті. Алғашқы салтанатты жиын № 2 орта мектептің сыртындағы жиындар алаңында сағат 9.00-де ұйымдастырылды. Жиынға 9-11-сыныптар бітірушілері, ұстаздар және ата-аналар қатысты.

«Соңғы қоңырау» салтанатты жиынына Приозерск қаласының әкімі Мансұр Талғатұлы Ахметов, қалалық мәслихаттың төрағасы Алтай Нәсіпбекұлы Исатаев, қала әкімінің орынбасары Ұлан Алмасұлы Алмас, қалалық білім бөлімінің басшысы Гуля Кеңесқызы Қасымова және қалаға танымал журналист-ақын, Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі Нұрғали Қыдырмұратұлы Қарабектегі құрметті қонақтар ретінде қатысты.



Соңғы қоңырау жиыны күні – алтын ұя мектебін бітіріп, қияға қанат қағатын, жастар үшін ең бір қымбат, ең бір кимас, ең бір ұмытылмас жүрек тебіренетік сәт. Кеше ғана тұлымдары желбіреп, жүректері лүпілдеп, мектеп қабырғасын имене аттаған ұл-қыздарымыз ой-өрісі толысып, бойы өсіп, алтын ұя мектебімен қоштасқалы отыр. Бұл күн – мектеп тарихында, мектеп бітіруші түлектер есінде мәңгі өшпесі анық.

Осы күні Алтын ұя мектебінен болашаққа түлеп ұшқалы отырған түлектер сынып жетекшісі Бахытжан Анафияевич Исаков және алғашқы ұстаздары Гаухар Амангельдиевна Кожумова мен Кузнецова Ольга Александровнамен бірге жиын төріне шақырылды. Осы күні 9 сынып оқушылары үшін де соңғы қоңырау соғылады. Себебі жас түлектер орта мектепті аяқтағаны туралы куәліктерін қолдарына алатын болады. Бұдан әрі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы көтерілді. Ту көтеру рәсіміне мектептің түлегі, 11 жыл мектептің шығармашылық

өміріне белсене аралаласқан тәртібі мен талабы ұштасқан, озат шәкірт болған Кузнецов Владимир ортаға шақырылды. Ту көтерілгесін Қазақстан Республикасының әнұраны ойналды. Салтанатты жиынға арнайы ат басын бұрып, бүгінгі күннің иелеріне тілектерін білдіре келген құрметті қонақтар арасынан қала әкімі Мансұр Талғатұлы жүрекжерды құттықтауын жас түлектерге, ұстаздар мен ата-аналарға арнады. Панар Айдарханқызы Жұмаханованың құттықтау сөзінен кейін ақын Нұрғали Қыдырмұратұлы мектеп бітіруші түлектерге арнаған жыр-тілегін оқып берді.

Мерекелік жиын барысында би биленіп, әндер шырқалды, түлектердің ұстаздарына, мектебіне арнаған өлең-жырлары оқылды. Соңғы қоңырауды соғу мәр-

тебесі мектепті озық бітіргелі отырған түлектер Кузнецов Владимир мен Кенжеева Мадинаға бұйырды. Түлектер соңғы мектеп вальсін биледі.

«Қоңырау үні – мектеп өміріндегі құлаққа жағымды, шәкірт жүрегінде мәңгі сақталатын ұмытылмас үн. Жүректері лүпіл қағып, қимастық пен қуаныш, аңсау мен арман сезімдері араласқан осынау сәтте мектебімен қоштасып, өмірдің екінші белесіне қадам басқалы тұрған сіздер, осыдан 11 жыл бұрын қоңырау үнімен мектеп табалдырығын аттаған болсаңдар сол сынғырлаған қоңырау үнімен болашаққа аттанбақшысындар. Қымбатты мектеп бітіруші жас түлектер!», - деген жүргізушінің жүрек тебіренетік сөзімен «Соңғы қоңырау» әнінің ырғағымен салтанатты жиын өз мәресіне жетті. ***

Қаламыздағы № 1 мектепте ұйымдастырылған «Мектебім, саған мың алғыс!» атты салтанатты жиын сағат 10.00-де басталды. Мектептің спорттық алаңына безендіріліп орнатылған мінбер

мектеп бітіруші түлектер құрметіне жасалған көрініп тұр. Ата-аналар, қонақтар үшін орындықтар да айналдыра қойылыпты. Құрметті қонақ ретінде шақырылған қала әкімі Мансұр Талғатұлы, қалалық мәслихат төрағасы Алтай Нәсіпбекұлы, қала әкімінің орынбасары Ұлан Алмасұлы, білім бөлімінің басшысы Гуля Кеңесқызы, қалаға танымал ақын-журналист Нұрғали Қыдырмұратұлы және ҚР Қарулы күштерінің азаматтық персоналы, «Қамқоршылық» кеңесінің төрағасы Кенжебеков Тілек Алшымбекұлы құрметпен мінберге шақырылды.

ұсынды. Мәслихат төрағасы Исатаев Алтай Нәсіпбекұлы Приозерск қаласы Мәслихатының Алғыс хатымен, жетістіктерімен қалаға танылған төмендегі аталған түлектерді марапаттады: Қыстаубай Нұрсұлтан, Орынбасар Еркебұлан Бахытжанұлы, Оралханова Айнұр Рымбекқызы, Сейтхали Айкен Манатбекқызы, Сұраншиева Салуа Ауғамбековна, Алимджанова Аяжан Талғатовна, Қайырғали Алина Нұрланқызы, Джақиликова Аяжан Иброймықызы, Алимбетов Ерсұлтан Жанибекұлы және Тұрлыбеков Жалғас Баурыжанұлы.

Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің азаматтық



Музыка әуенімен ортаға бітіруші түлектер шақырылған сәтте мектептің қоғамдық өміріне белсене араласып, пән және спорттық бәйгелерде биік деңгейден көрініп, оқу озаттары болған бітіруші түлектердің аты-жөндері жүргізушілер тарапынан аталып тұрды. Олар: Орынбасар Еркебұлан, Оралханова Айнұр, Сейтхали Айкен, Сұраншиева Салуа, Алимджанова Аяжан, Қайырғали Алина, Сейлов Батухан, Джақиликова Аяжан, Алшымбекова Маржан Садуов Сейтжан, Олжабай Әділет, Орақ Бейбарс, Климбет Аружан, Алимбетов Ерсұлтан, Ұлмахан Алихан, Тұрлыбеков Жалғас, Абдраманова Асылым.

Ту көтеру құрметі «Болашаққа жолдама» облыстық форумының

персоналы, «Қамқоршылық» кеңесінің төрағасы Кенжебеков Тілек Алшымбекұлы түлектерді құттықтаған соң «Жас зеңбірекші» әскери-патриоттық клубы өз өнерлерін көрсетті.

Соңғы қоңырау мерекесінің дәстүрі бойынша ту тапсыру салтанатты рәсмінде аманат ту тапсыру мектептің үздік оқушылары Сұраншиева Салуа, Сейтхали Айкен, Абдраманова Алиса, Оралханова Айнұр, Алимджанова Аяжан, Қайырғали Алина және өте жақсы оқитын Алшымбекова Маржан мен Жақсылықова Аяжанға жүктелді. Аманат ту қабылдаушы 10-сыныптың үздік оқушылары: Сегізбай Елдар, Тыныс Нұршат, Абылайханқызы Айсұлу, Кесікбай Мархабат, Раджапбай Сабина және



аясында өткен «Бизнес – стартап жобалар» байқауының 3-дәрежелі жүлдегері Орынбасар Еркебұланға берілді. Бұдан кейін Қазақстан Республикасының әнұраны шырқалды. Қала әкімі М.Ахметов, мәслихат төрағасы А.Исатаев, мектеп директоры Перизат Ізімханқызына Шойбекова құттықтау сөз сөйлеп, ақын Н. Қарабектегі бітіруші түлектерге арнаған жүрекжарды жырын

Гаджибекова Ақерке болды. Сондай-ақ түлектер тарапынан билер биленіп, әсем әндер шырқалды. Соңғы қоңырау сыңғырынан кейін «Мектебім, саған мың алғыс!» атты салтанатты жиынды жабық деп жарияланды.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі.

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫНА ТҰРҒЫН ҮЙ КӨМЕГІН КӨРСЕТУДІҢ МӨЛШЕРІН ЖӘНЕ ТӘРТІБІН АЙҚЫНДАУ ТУРАЛЫ

1. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен Приозерск қаласында тұратын, Қазақстан Республикасының аумағындағы жалғыз тұрғынжай ретінде меншік құқығында тұрған тұрғынжайда тұрақты тіркелген және тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға), сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды жалдаушыларға (қосымша жалдаушыларға):

кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жұмсалатын шығыстарға;

коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға; мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін шығыстарды төлеуге беріледі.

Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

2. Тұрғын үй көмегін тағайындауды «Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - уәкілетті орган) жүзеге асырады.

3. Аз қамтылған отбасының (азаматтың) жиынтық табысын уәкілетті орган тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдірген тоқсанның алдындағы тоқсанға «Тұрғын үй көмегін көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2023 жылғы 8 желтоқсандағы № 117 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33763 болып тіркелді) (бұдан әрі - Тұрғын үй көмегін көрсету қағидалары) айқындалған тәртіппен есептейді.

4. Тұрғын үй көмегі кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жұмсалатын шығыстарды, коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды пайдалануға арналған шығыстарды төлеу сомасы арасындағы айырма ретінде және осы мақсаттарға аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің 5 (бес) пайыз мөлшерінде айқындалады.

Тұрғын үй көмегінің мөлшері бір айға мынадай нормалар шегінде есептеледі:

1) тұрғын үй ауданының нормасы көп бөлмелі пәтерлерде бір адамға 18 шаршы метрді құрайды, бір бөлмелі пәтерде тұратындар үшін - пәтердің жалпы көлемі. Көп бөлмелі пәтерлерде жалғыз тұратындар үшін ауданның нормасы 30 шаршы метр;

2) нақты шығындар бойынша отбасының электроэнергияны тұтынуы, бірақ 150 киловаттан аспау керек;

3) суық суды, кәрізді, қокыс төккішті тұтыну нормалары қызмет көрсететін ұйыммен немесе тарифтерді бекітетін органмен бекіткен тарифтердің негізінде белгіленеді.

6. Телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеу «Әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифтерінің өсуін өтеу мөлшерін айқындау және қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 28 шілдедегі № 295/НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33200 тіркелді) сәйкес жүзеге асырылады.

7. Аз қамтылған отбасы (азамат) (не сенімхатқа, заңнамаға, сот шешіміне не өкілшілік актіге негізделген оның өкілі) тұрғын үй көмегін тағайындау үшін Тұрғын үй көмегін көрсету қағидаларына сәйкес құжаттарды ұсына отырып, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына немесе «электрондық үкімет» веб-порталына жүгінеді.

8. Тұрғын үй көмегін тағайындау ағымдағы тоқсан ішінде жүргізіледі, бұл ретте аз қамтылған отбасының (азаматтың) жиынтық табысы және кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға, мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді және жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалдаған тұрғын үйді пайдалануға жұмсалған ай сайынғы жарналардың шығыстары алдыңғы тоқсан үшін есепке алынады.

9. Құжаттарды қарау және тұрғын үй көмегін көрсету туралы шешім қабылдау мерзімі не «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясынан немесе «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы құжаттардың толық жиынтығын қабылдаған күннен бастап бас тарту туралы дәлелді жауап 8 (сегіз) жұмыс күнін құрайды.

10. Тұрғын үй көмегін жеткізушілер ұсынған кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде шығыстар сметасына сәйкес кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған ай сайынғы жарналар туралы шоттар және аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) бюджет қаражаты есебінен коммуналдық қызметтерге ақы төлеу шоттары бойынша көрсетіледі.

11. Тұрғын үй көмегін тағайындау Приозерск қаласының бюджетінде тиісті қаржы жылына арналған көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

12. Тұрғын үй көмегін төлеу есептелген сомаларды тұрғын үй көмегін алушылардың жеке шоттарына екінші деңгейдегі банктер арқылы аудару жолымен жүзеге асырылады.

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі»

ОБ ОПРЕДЕЛЕНИИ РАЗМЕРА И ПОРЯДКА ОКАЗАНИЯ ЖИЛИЩНОЙ ПОМОЩИ НАСЕЛЕНИЮ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК

1. Жилищная помощь предоставляется за счет средств местного бюджета малообеспеченным семьям (гражданам), проживающим в городе Приозерск, постоянно зарегистрированным и проживающим в жилище, которое находится на праве собственности как единственное жилище на территории Республики Казахстан, а также нанимателям (поднанимателям) жилища из государственного жилищного фонда и жилища, арендованного местным исполнительным органом в частном жилищном фонде, на оплату: расходов на управление объектом кондоминиума и содержание общего имущества объекта кондоминиума, в том числе капитальный ремонт общего имущества объекта кондоминиума;

потребления коммунальных услуг и услуг связи в части увеличения абонентской платы за телефон, подключенный к сети телекоммуникаций;

расходов за пользование жилищем из государственного жилищного фонда и жилищем, арендованным местным исполнительным органом в частном жилищном фонде. Расходы малообеспеченной семьи (граждан), принимаемые к исчислению жилищной помощи, определяются как сумма расходов по каждому из вышеуказанных направлений.

2. Назначение жилищной помощи осуществляется государственным учреждением «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск» (далее – уполномоченный орган).

3. Совокупный доход малообеспеченной семьи (гражданина) исчисляется уполномоченным органом за квартал, предшествовавший кварталу обращения за назначением жилищной помощи, в порядке, определяемом приказом Министра промышленности и строительства Республики Казахстан от 8 декабря 2023 года № 117 «Об утверждении правил предоставления жилищной помощи» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 33763) (далее – Правила предоставления жилищной помощи).

4. Жилищная помощь определяется как разница между суммой оплаты расходов на управление объектом кондоминиума и содержание общего имущества объекта кондоминиума, в том числе капитальный ремонт общего имущества объекта кондоминиума, потребление коммунальных услуг и услуг связи в части увеличения абонентской платы за телефон, подключенный к сети телекоммуникаций, пользование жилищем из государственного жилищного фонда и жилищем, арендованным местным исполнительным органом в частном жилищном фонде, и предельно допустимым уровнем расходов малообеспеченных семей (граждан) на эти цели, в размере 5 (пять) процентов.

5. Размер жилищной помощи в месяц рассчитывается в пределах следующих норм:

1) норма площади жилья составляет 18 квадратных метров на человека в многокомнатных квартирах, для проживающих в однокомнатных квартирах – общая площадь квартиры. Норма площади для одиноко проживающих в многокомнатных квартирах – 30 квадратных метров;

2) потребление электроэнергии на семью по фактическим расходам, но не более 150 киловатт;

3) нормы потребления холодной воды, канализации, мусороудаления устанавливаются на основе тарифов, утвержденных организацией, оказывающей услуги, или органом, утверждающим тариф.

6. Выплата компенсации повышения тарифов абонентской платы за оказание услуг телекоммуникаций осуществляется в соответствии с приказом Министра цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан от 28 июля 2023 года № 295/НҚ «Об определении размера и утверждении Правил компенсации повышения тарифов абонентской платы за оказание услуг телекоммуникаций социально защищаемым гражданам» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 33200).

7. Для назначения жилищной помощи малообеспеченная семья (гражданин) (либо его представитель в силу полномочия, основанного на доверенности, законодательстве, решении суда либо административном акте) обращается в Государственную корпорацию «Правительство для граждан» или на веб-портал «электронного правительства» с предоставлением документов согласно Правилам предоставления жилищной помощи.

8. Назначение жилищной помощи производится в течение текущего квартала, при этом совокупный доход малообеспеченной семьи (гражданина) и расходы о ежемесячных взносах на управление объектом кондоминиума и содержание общего имущества объекта кондоминиума, в том числе капитальный ремонт общего имущества объекта кондоминиума, потребление коммунальных услуг и услуг связи, пользование жилищем из государственного жилищного фонда и жилищем, арендованным местным исполнительным органом в частном жилищном фонде учитываются за предшествующий квартал.

9. Срок рассмотрения документов и принятия решения о предоставлении жилищной помощи либо мотивированный ответ об отказе со дня принятия полного комплекта документов от Государственной корпорации «Правительство для граждан», либо через веб-портал «электронного правительства» составляет 8 (восемь) рабочих дней.

10. Жилищная помощь оказывается по предъявленным поставщиками счетам о ежемесячных взносах на управление объектом кондоминиума и содержание общего имущества объекта кондоминиума, в том числе капитальный ремонт общего имущества объекта кондоминиума согласно смете расходов и счетам на оплату коммунальных услуг за счет бюджетных средств малообеспеченным семьям (гражданам).

11. Назначение жилищной помощи осуществляется в пределах средств, предусмотренных в бюджете города Приозерск на соответствующий финансовый год.

12. Выплата жилищной помощи осуществляется через банки второго уровня путем перечисления начисленных сумм на лицевые счета получателей жилищной помощи.

Отдел занятости и социальных программ г.Приозерск

**ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ 2011 ЖЫЛҒЫ 30 МАМЫРДАҒЫ
№ 16/1 «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ
БІТІРУШІЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН ЖАСТАР
ПРАКТИКАСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ»
ҚАУЛЫСЫНЫҢ КҮШІ ЖОЙЫЛДЫ ДЕП ТАҢУ
ТУРАЛЫ**

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27 бабына сәйкес, қала әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қарағанды облысы Приозерск қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 30 мамырдағы № 16/1 «Приозерск қаласының бітірушілеріне арналған жастар практикасын ұйымдастыру туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 59445 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы

Аты-жөні

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі»

**ОБ ПРИЗНАНИИ УТРАТИВШИМ СИЛУ
ПОСТАНОВЛЕНИЯ АКИМАТА
ГОРОДА ПРИОЗЕРСК КАРАГАНДИНСКОЙ
ОБЛАСТИ ОТ 30 МАЯ 2011 ГОДА № 16/1 «ОБ
ОРГАНИЗАЦИИ МОЛОДЕЖНОЙ ПРАКТИКИ
ДЛЯ ВЫПУСКНИКОВ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК»**

В соответствии со статьей 27 Закона Республики Казахстан «О правовых актах», акимат города ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Признать утратившим силу постановление акимата города Приозерск Карагандинской области от 30 мая 2011 года № 16/1 «Об организации молодежной практики для выпускников города Приозерск» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 59445).

2. Настоящее постановление вводится в действие со дня его первого официального опубликования.

Должность

ФИО

*Отдел занятости и социальных программ
г.Приозерск*

«ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АТАСЫ»



Биыл қазақ даласының ұлы перзенті Қаныш Имантайұлы Сәтпаевтың туғанына 125 жыл толып отыр. Қаныш Сәтпаев - Қазақстан Ғылым академиясының негізін қалаушы және тұңғыш президенті, Қазақстандағы алғашқы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, еліміздегі ғылымның негізін салушылардың бірі, мемлекет және қоғам қайраткері. Сондықтан да ұлы ғалымның есімі қазақ халқының тарихында алтын әріппен жазылған.

Осыған орай, кітапханамызда Ұлы ғалымның құрметіне «Қазақ ғылымының атасы» атты тақырыпта тарихи танымдық сағат өткізілді. Шара барысында ғалым-геолог-Қаныш Имантайұлының өміріне арналған қысқаша баяндама оқылып, еңбектерімен таныстырылды. Мақасты: Қ.И.Сәтпаевтың артында қалған ғылыми мұраларымен оқушыларды таныстыру.

Қаныш Сәтпаев 1899 жылы 12 сәуірде Павлодар облысының Баянауыл ауданында дүниеге келген. Қ.И.Сәтпаев – жаңашыл ғалым.

Ол металлогения ғылымының негізін салушылардың бірі, ал Қазақстанда осы ғылыми бағытты орнықтырушы деп атайды.

Сонымен қоса, Қ.И.Сәтпаев – алгебрадан мектеп оқулығының алғашқы құрастырушысы. Ол педагогикалық училищені бітіріп, алғаш ұстаздық қызметін бастағанда қазақ тілінде математика оқулықтарының жоқ екенін ескеріп, ана тілінде алғаш рет алгебра оқулығының қолжазбасын латын және араб әріптерімен жазған. Сол себепті де Қ.И. Сәтпаевты ғалым-математик деп айта аламыз.

Қ.И. Сәтпаев тұңғыш кәсіби тау-кен инженері.

Қаныш Сәтпаевтың Қазақстан елі мен халқының алдындағы басты еңбегі – геологиялық зерттеулердің дамуына қосқан зор үлесі. Оның тікелей басшылығымен елімізде ірі мыс және марганец кендерін өндіру жұмыстары басталғаны белгілі. Сондай-ақ, оның еліміздің дамуына, ұлттың инновациялық санасының – Ру-

хани жаңғырудың – қалыптасуына қосқан үлесін ерекше атап кеткен жөн!

Қ.И.Сәтпаев – 641 еңбектің авторы, оның 534-і орыс тілінде, 98-і қазақ, қалғаны басқа тілдерде жарық көрді. Ғылыми еңбектерінің басым көпшілігі Қазақстанның минералдық қоры, мыс рудалары, түсті металдары, көмір, мұнай, газ, басқа да шикізат ресурстары жайында болды.

Қ.И.Сәтпаевтың ғылыми зерттеулері Маңғыстау қоры, Ембі мұнайы, Ақтөбе даласындағы газдың мол қоры жатқандығын анықтады. Қазақстанның таяу арада газ, мұнай өндіру жөнінен алдыңғы қатарға шығатынын айтқан ғалымның зерттеулері қазіргі кезде іс жүзіне асқанын білеміз.

Қ.И.Сәтпаев өзінің мамандығымен бірге әдебиет пен өнерді, тарихты меңгерген. Бұл ғалымдарды рухани жан дүниесін байытумен бірге кен зерттеу ісіне де пайдаланған. Қаныш Сәтпаевтың осындай жан-жақтылығын Мұхтар Әуезов «Қазақ халқының зор ғалымы» атты мақаласында жазды.

«Қаныштың үлкен бір ерекшелігі – ол химикпен де, биологпен де, физикпен де, медикпен де және тарихшымен де, филологпен өздерінің ғылыми тілінде сөйлесе біледі. Мамандық тілдерімен үндесіп, ұғыса біледі» - дейді М. Әуезов.

1951 жылдың күзінде «Буржуазиялық ұлтшылдармен» күрес басталып, қазақтың зиялылары қудалауға ұшырады. М. Әуезов, А. Жұбанов, Қ. Сәтпаевқа «ұлтшыл» деген жала жабылып, жұмыстан босатылды. Қаныш Сәтпаевты үш мәселе бойынша кінәлі деп айыптады:

1. Партияға өтерде Сәтпаев әлеуметтік тегін жасырды.

2. 1927 жылы «Алашорда» ұлтшылдық партиясының үгітшісі болды.

3. 1927 жылы Едіге туралы буржуазиялық аңызды редакциялап, алғы сөзін жазып, шығарманың басылып шығуын қолдады деп айыпталды.

Сондай-ақ Ғылым академиясының кадрлары арасына жат элементтерді жинақтаған «ұлтшылдарды қанатына алушы» деп кінәланды.

Қ.И. Сәтпаев 1952 жылы 20 қаңтар күні Сталинге «Жазықсыз кінәлі болғаным ба?» деген хат жолдайды. Бұл хатта Қаныш Сәтпаев өзінің саналы өмірінің 15 жылын геолог қызметінде болып, 11 жылға жуық Қазақстан ғылымының жетекшісі болғанын айта келіп, жоғары мәселе бойынша объективті түрде анықтама-түсінік беріп, таза да адал еңбегін ескеріп, әділетсіз айыппен партиялық жаза алынып тасталады деген үмітпен ойын жеткізеді.

Қ.И. Сәтпаев бұл қаралаудан тек 1955 жылы ғана ақталып, қайтадан Қазақстан Ғылым Академиясының президенті болып тағайындалды.

Қаныш Сәтпаев 1964 жылы 31 қаңтарда Мәскеуде қайтыс болды.

Қорыта келе, Ұлы ғалымның өмірбаяны үлгі етерлік мысалдарға бай. Азаматтық адамгершілік пен ғылыми адалдық, діттеген мақсаттарға жетудегі қажыр-қайрат пен табандылық, ғылыми зерттеулердегі бірегейлігі, айналасындағыларға мейірімді қарым-қатынасы сияқты сипаттар үлкен өмірге аяқ басқан жастар үшін тамаша үлгі бола алады!

Кітапханашы: И.Н.Талханбаева

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №21/99, Таралымы:500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru
Газеттің арнаулы тілшісі: Нұрғали Қарабектегі +7-778-582-29-41

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады. Балаларға тыйым салынған.